

Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы жаңа БСК

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың назарына «Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 наурыздағы № 336 бұйрығына сәйкес, бюджеттік сыныптама кодтарына қатысты «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы жеткізеді.

Осы өзгерістерге байланысты 2018 жылғы 14 наурыздан бастап келесі бюджеттік сыныптама кодтарының (бұдан әрі – БСК) атаулары өзгертілді:

БСК 106201- Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес төленетін кедендік алымдар;

БСК 106207 – арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын бөлуден түскен сомаларды аудару жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны немесе (толық емес) уақтылы орындамағаны үшін мерзімін өткізіп алғаны үшін проценттер сомасы;

БСК 106208 – бөлуге жатпайтын арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары;

Бұдан басқа, келесі БСК толықтыру туралы хабарлаймыз:

БСК 106119 – Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес, алдағы кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне, сондай-ақ кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізілетін аванстық төлемдер.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне, жеке шоттарды есепке алу және жүргізу бөліміне мына мекен-жай бойынша хабарласуға болады: Петропавл қаласы, К. Сүтішев көшесі, 56, каб. №409, тел. 8 (7152) 46-41-59.